

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі № 158 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 баптарына сәйкес Қарақия ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қауылының қосымшасына сәйкес Қарақия ауданы, босалқы жер қорынан жалпы көлемі 678,9819 гектар жер учаскесін "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамына " Жетібай –Қазақ Газ Өңдеу зауытының газ құбырларының дәлізін орнату үшін" жер пайдаланушылардан алып қоймай 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін .

2. "Қарақия аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

С.Төретаев

Қарақия ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "02" қыркүйектегі
№ 158 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

№	Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелері	Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскесінің көлемі (га), кадастрлық нөмірі
1	А.Қартбай шаруа қожалығының жері	2,1061 13-197-017-278
2	"КазТрансОйл" АҚ жері	27,0027 13-197-023-074
3	К.Сариев жері	2,5958 13-197-017-065
4	Т.Кошаканов жері	0,9658 13-197-017-974

5	К.Салиханов жері	18,6461 13-197-014-417
6	Д.Жеткызген жері	12,5358 13-197-017-087
7	И.Наукыбаев жері	11,3732 13-197-017-448
8	А.Еламанов жері	59,7819 13-197-017-217
9	Ж.Мырзакулов жері	29,4826 13-197-017-515
10	Ж.Мырзакулов жері	70,5185 13-197-017-514
11	Қаракия ауданы, босалқы жер қоры жері	443,9734
	Барлығы	678,9819

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК